

САРАПТАМА



Иран-Израиль текетіресі:
ҚАУІПТІ АЙМАҚТАҒЫ
ҚАҚТЫҒЫС

2



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

| №92 (6543) 29 қазан, сейсенбі, 2024 жыл.

| www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МОҢҒОЛИЯҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАР



Ақорданың баспасөз қызметі мәлімдегендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухтың шақыруымен Моңғолияға мемлекеттік сапармен барды.

Ұлан-Батыр әуежайында еліміздің делегациясын Моңғолияның Сыртқы істер министрі Батмунхийн Батцэцэг қарсы алды.

Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ, Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының Төрағасы Дашзэвгийн Амарбаясгаланмен және Премьер-министр Лувсаннамсрайн Оюун-Эрдэнэмен кездеседі. Сондай-ақ, бірқатар маңызды екіжақты құжаттарға қол қою жоспарланған.

(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚАЗАҚ–МОҢҒОЛ ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІ

екі елдің бизнесі мен мемлекеттік құрылымдарының өкілдері бас қосты

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Моңғолияға мемлекеттік сапары аясында Ұлан-Батырда Қазақстан–Моңғол Іскерлік кеңесінің бірінші отырысы өтті. Іс-шара бірлескен жұмыстың басым бағыттарын талқылау үшін екі елдің бизнесі мен мемлекеттік құрылымдарының негізгі өкілдерін жинады.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

29.10.2024

Түнде: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар), көктайғақ, тұман.

Күндіз: +7+19 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр. Таңертең тұман.

30.10.2024

Түнде: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр. Таңертең тұман.

31.10.2024

Түнде: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

ЖАҢА БАҒЫТТАР КӨБЕЙДІ

Ерболат Досаевтың тапсырмасымен әкімдік 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алып, 22 жаңа маршрут, оның ішінде 10 қала маңындағы бағыт ұйымдастырып, 50-ге жуық елдімекенді қамтыды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда мегаполистің агломерациямен көлік байланысын арттыру аясында қала маңындағы қоғамдық көлік маршруттары ашылып жатыр.

Осылайша 28 қазаннан бастап №237, №257 және №258 маршруты іске қосылды, ал 1 қарашадан бастап №239 маршруты іске қосылады деп жоспарланып отыр.

№237 «Барлық базары – Қаратөбе ауылы» бағытындағы маршрутта үлкен сыйымдылықтағы 5 автобус қызмет көрсетеді. Маршруттың жұмыс басталу уақыты – 5.30, аяқталу уақыты – 23.05. Тасымалдаушы – «Қаскелең автобус паркі» ЖШС.

№257 «№7 қалалық аурухана – Еңбекші ауылы» бағытындағы маршрутта да үлкен сыйымдылықтағы 5 автобус қызмет көрсетеді. Маршруттың жұмыс басталу уақыты – 5.30, аяқталу уақыты – 23.01. Тасымалдаушы – «Қаскелең автобус паркі» ЖШС.

№258 «Жетісу базары – Өстемір ауылы» бағытындағы маршрутта 2 автобус қызмет



көрсетеді. Маршруттың жұмыс басталу уақыты – 5.40, аяқталу уақыты – 22.01. Тасымалдаушы – «Самат-Транс» ЖШС.

№239 «Б.Момышұлы метро бекеті – Долан ауылы» бағытындағы маршрутта 18 автобус қызмет көрсетеді. Маршруттың жұмыс басталу уақыты – 5.30, аяқталу уақыты – 23.01. Тасымалдаушы – «Neo City Trans» ЖШС.

Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесіне сәйкес, бұл маршруттар конкурстар өткізілгенге дейін тасымалдаушыларға берілді және тестілік

режимде жұмыс істейтін болады. Соның нәтижесінде жолаушылар легі мен халықтың қажеттілігі ескеріліп, қозғалыс схемаларына өзгерістер енгізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, былтыр шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен әкімдік 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алып, 22 жаңа маршрут, оның ішінде 10 қала маңындағы бағыт ұйымдастырып, 50-ге жуық елдімекенді қамтыды. Биыл тағы 600 автобус, 112 троллейбус және 100 электроавтобус сатып алу жоспарланып отыр.

ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Иран-Израиль текетіресі:

ҚАУІПТІ АЙМАҚТАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС

Таяу Шығыстағы Израиль мен Иранның әр қимылын аймақ қана емес, төрткүл дүние аңдып отыр. Екі ел қазір арасына бірер апта салып қарымта қайтарып келеді. Ал әлем жұрты текетірескен қос тарап түбінде аймақтық қақтығыстың шымылдығын ашып жібере ме деп алаңдайды. Өткен демалыс күндері Израильдің қарымта соққысы басты тақырып болды. Бірер аптадан бері күтілген бұл соққы әу бастағы алаңдаған деңгейде болмағанымен, Иранның тағы бір талмау жеріне тигендей әсер етті. Осылайша аймақтағы жағдай қауіпке қарай тағы бір баспалдақ көтерілді. Енді міне, оқиға қалай өрбиді деген сауал әркімнің көкейінде тұр. Сондықтан назарымыз тағы да Таяу Шығысқа ауып отыр.

Қарымта соққы

Қарымта соққы сенбіге қараған түні жасалды. Израиль қолбасшылық штабының мәлімдемесіне сүйенсек, соққы үш рет жасалған. Оның алдыңғысы Иранның әуеден қорғаныс жүйесіне бағытталған. Ал екінші және үшінші соққылары елдегі маңызды әскери нысандарды көздеген. Яғни Иранның зымыран және дрон жасайтын әскери зауыттарын нысанаға алған.

Израильдік командалық штаб өкілдері жасаған мәлімдемеге сенсек, шабуыл аса нәтижелі болған. Айтуларынша, түнгі әуе шабуылдарының нәтижесінде Иранның зымыран өндірісімен қоса, «жер-әуе» зымыран арсеналдары жойылған. Сондай-ақ, соққыда өзге де қару-жарақтары жойылғаны айтылады.

Мәлімдемеде бұл әрекет Иранның 1 қазан күні Израильге жасаған зымыран шабуылдарына қарсы қарымта екені ашық айтылған. «Шабуыл миссиясы аяқталды, енді Тегеран тарабынан қайтарма жауап болса, оның зарда-



бы бұдан да ауыр болады» деп ескерткен Израиль тарабы.

Ирандағы Революция сақшылары корпусы да шабуылдың болғанын растады. Әуе соққылары кезінде 4 әскери қызметкердің қаза тапқанын мәлімдеді. Бірақ қос тараптың шабуылдың келтірген зардабы туралы бағалаулары әртүрлі. Иран тарабы Израиль соққылары ақиқатында қирауға алып келген жоқ деп көрсетті. Алайда, кейбір шетелдік ақпарат құралдары Иранның шабуыл зардаптарын азайтып көрсетуі мақсатты әрекеті болуы мүмкін екенін жазып жатыр.

Алаңдауға негіз бар

Әдетте аймақтағы өзге елдер Иран мен Израильдің өзара әскери жауаптасуларына үнсіз ғана қарап отыратын. Бұл жолы олай болмады, аймақтағы араб елдері түгелдей Израильдің әскери шабуылын айыптап, мәлімдеме жасады. Бұл жәйт шынында назарға алуға тұрарлық. Дегенмен, ешбір елдің мәлімдемесінде батылдық жоқтай көрінеді, тек айыптаумен шектеліп, «өш алу» мен «шара қолдануға» шақырулар байқалмайды. Осының өзінен жауаптасу әрекеттері дамыған сайын

аймақ елдері ауқымды қақтығыс қауіпін шындап сезіне бастағанын көруге болады. Оның үстіне бұған дейін Иранның аймақтағы стратегиялық қарсыласы ретінде саналып келген мемлекеттердің де Израильді айыптап, мәлімдеме жасауы өзінше бір мәнге ие.

Шабуылды айыптаған елдер қатарында Сауд Арабиясы, Катар, Мысыр және БАӘ сынды аймақтағы ықпалды елдер бар. Сауд Арабиясы, Катар және Мысырдың мәлімдемелері қос тарапты бірдей сабырлылыққа шақырумен түйінделген. Ал Біріккен Араб Әмірлігінің мәлімдемесінде «қақтығыс ауқымының кеңеюіне жол бермеу және тәуекелдерді азайту үшін» екі тарапқа «мүмкіндігінше шыдамдылық пен қамқорлық» көрсету қажет деген сынайдағы сөздер бар.

Әрине, аймақ елдерінің жарыса үн қатуында өзіндік үміт пен мүдде жатыр. Араб елдері де, аймақтағы өзге елдерде ауқымды қақтығыстың болуын қаламайды. Ислам әлемнің өзі сүнниттік және шииттік тармаққа бөлініп, Израильге қарсы ортақ ұстанымға келе алмай тұрған жайы бар. Газадағы қырғынға қарсы «тәк» деп ауыз аша алмай отырған елдер белгілі деңгейде Израильді тежейтін балама күштің болуын құп көреді. Иран бұл рөлді

ойнай алғанымен, Иранның да аса күшейіп, аймаққа дегенін істегуіне жол бергісі келмейді. Оған келгенде Израильдің де күшті болып тұруын араб елдері тым жек көрмейді. Егер Иран теңбе-тең деңгейде жауап қайтарса, одан арғы жағдайды бақылауда ұстап қалу тіпті де қиындай түседі. Қос тарапты сабырлылыққа шақырған мәлімдемелерде «жауаптасулар» осымен тоқтап қалса деген үміттері айқын көрінеді.

Иранның келесі қадамы қандай болмақ?

Әр реткі осындай оқиғаларда Тегеран екі оттың ортасында қалып келеді. Бір жағында биліктің ел ішіндегі абырой-беделіне саятын мәселе тұрады. Себебі, Ирандағы ислам режимі елді гүлдендіруші, аймақтағы абыройын биіктетуші образын сомдап келеді. Соған қарамастан, дінбасыларының басқаруындағы режимге деген ішкі қарсылық белгілі деңгейде сақталып келеді. Бұған қоса, аймақтағы шииттік күштерді астыртын қолдай отырып, аймақтық ойыншы болып отырған Тегеранға геосаяси жүрістерде әрбір қадам маңызды.

Екінші жағынан, Тегеран қазіргі жағдайда соғысты шындап қаламайтыны айдан анық. Себебі, ұзақ уақыттан бері санкция астындағы ел толықтай соғысқа да дайын емес. Оның үстіне тікелей қақтығысқа араласу Иранның аймақтағы мүддесі үшін де кері шегініс алып келуі мүмкін. Міне, осы себептерден Иран қарсы жауап беру мен бермеуде үнемі екіұшдай күйде қалып келеді. Қалай деген күнде де Тегеран режимі аймақтағы ауқымды қақтығысты бастаушы ретінде жауапкершілікті алғысы келмейді.

Иранның кейбір ақпарат құралдары мәлімдегендей, Тегеран өзіне жасалған соққыға пар-пар жауап қайтарады. Мұндай мәліметтерді елдегі «Тасним» секілді ақпарат агенттіктері де таратқан. Бірақ сарапшылардың басым көбі бұл сөзге келіспейді. Қазіргі жағдайға қарағанда қос тарап үшін де әскери жауаптасуды осы арадан үзгендері тиімді. Ендігі әрбір әрекет келесі тарап үшін артығымен әсер етеді және барған сайын бақылау көлемінен шыға түседі. Иранның қазіргі жағдайынан алып қарасақ, қарымта жауап болуының мүмкіндігі аз. Болған күнде де бұл қарсы тарап тым елеі қоймайтындай деңгейде жасалуы мүмкін. Әйтсе де, осының бәрі қауіпке қарай жақындап бара жатқан үрдіс саналады.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ

26 қазанда Грузияда парламент сайлауы өтті. Елдің Орталық сайлау комиссиясының алдын ала есебіне сүйенсек, билеуші партия – «Грузиялық арман» жеңіске жеткен. Партияны сайлауға қатысқан азаматтардың 54,08%-ы қолдаған. Алайда, сайлаудың нәтижесін президент пен оппозициялық партиялар мойындамай отыр. Бұл қоғамдағы идеялық бөліністі одан әрі өршітіп жіберуі мүмкін. Халықаралық қауымдастық та саяси үдеріске мұқият мән беруде.

Идеялық бөлініс бар

Грузия саяси-идеологиялық тұрғыдан күрделі мемлекеттердің бірі. Саяси элита мен қоғам елдің даму бағытын айқындауға келгенде бір пікірге келе алмай келеді. Қоғамның бір бөлігі еуроинтеграцияны қолдаса, ал екінші бөлігі кеңестік қоғамдық-саяси құндылықтардан бас тарта алмай келеді. Құндылықтар арасындағы қарама-қайшылық идеялық бөлініске алып келді. Ал идеялық бөлініс – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін басты қатерлердің бірі.

Идеялық бөлініс жайлы мәселе қозғалғанда, оның идеялық эралуандылықпен арасын ашып алған жөн. Дамыған, демократиялық елдерде эралуандылық бар, бірақ ол қоғамды жік-жікке бөлмейді. Елде идеялық бөліністің болуы сол елде біртұтас ұлттық мүдденің толық қалыптаспауының белгісі. Мұндай жағдай Грузия тәуелсіздік алған соң қалыптаса бастады. Бұл үдерістің шарықтау шегі 2003 жылға тура келді. Елде өткен парламенттік сайлау қоғамды қақ жарды. Оппозиция сайлау нәтижесімен келіспей, жаппай наразылыққа шықты. «Біртұтас ұлттық қозғалыс» партиясы бастаған оппозиция қайта сайлау өткізуді талап етті. Солардың ішінде посткеңестік кеңістікке есімі жақсы таныс Михаил Саакашвили де болды.

Оппозицияның талабы орындалып, 2004 жылы қайтадан парламенттік сайлау өтті. Онда «Біртұтас ұлттық қозғалыс» парламенттегі 150 орынның 119-ын жеңіп алды.

Грузия мұндай жағдайға қалай келді?

1995–2003 жылдары елді Эдуард Шеварднадзе басқарды. Ол басқарған тұста президент институтының саяси ықпалы басым болды. Ол билік тармақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие

«ГРУЗИЯЛЫҚ АРМАН» партиясы жеңіске жетсе де, оппозиция күресті тоқтатпайды



(Дереккөз: reuters)

еді. Президент билігіне қоғамдық әсер ету тетіктерінің азаюы контр-элита тарапынан наразылық тудырды. Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы оппозицияны күшейте түсті. Оппозиция еуропалық интеграцияны қолдап, азаматтарға демократиялық құндылықтар мен өмір сүру сапасына жетеміз деп уәде берді.

Кейбір сарапшылар Грузиядағы саяси дағдарыстың себебін елдің сыртқы саяси курсын таңдаудан іздейді. Алайда, мәселе бұдан да тереңде жатыр. Мәселе ЕО құрамында болу, әлде Ресеймен байланысты орнатуға емес. Саяси дағдарыстың себебін саяси элита мен қоғамның құндылықтары арасындағы қарама-қайшылықтан іздеу керек. Кеңестік саяси құндылықтар мен идея элитаға тиімді. Себебі, саяси және экономикалық ресурстарды бөлу де дербестік бар.

2004–2013 жылдары М.Саакашвили президент болған тұста демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру үдерісі жылдам жүрді. Деолигархизация, билік бөлінісі, құқық қорғау органдарын реформалауда ауыз толтырып айтатындай жетістікке жетті. Алайда, 2012 жылғы парламент сайлауынан кейін бұл үдерістер тұралап қалды. Қазірге дейін мемлекет саяси белгісіздікте өмір сүруде. Бір жағынан алдыңғы онжылдықта жүзеге асқан саяси реформа болса, екінші жағынан кеңестік идея қайта түлеуге мүдделі.

Жалпы, Грузияның қазіргі заманғы саяси тарихын зерттей келе мынадай заңдылықты байқауға болады. Әр парламенттік сайлау қоғамдық-саяси жағдайға оң, не теріс әсер етеді. 2012 жылдан бері «Грузиялық арман» осымен төртінші рет жеңіске

жетіп отыр. Алайда, ортауақыттық перспективада жағдай түбегейлі өзгеруі мүмкін. Себебі, 2016 жылдан бергі сайлауларда билеуші партия жеңіп алған мандат саны азаюда. Еуропалық интеграцияны қолдайтындардың саны керісінше өсіп келеді.

Халықаралық қауымдастық не дейді?

Грузиядағы парламенттік сайлау нәтижесін оппозициялық күштер, тіпті президент Саломе Зурабишвили де қолдамайтынын мәлімдеуде. Президент өз жақтастарын наразылыққа шығуға үндеу де тастады. Саясаткердің сөзіне қарағанда, сыртқы саяси күштер сайлау нәтижесіне араласуы мүмкін. Бірақ 2012 жылдан бері саяси жүйеде президент институтының ықпалы әлсіреп, парламент күшейді. Сондықтан президенттің мәлімдемесі билеуші партияға, сайлау нәтижесіне әсер етеді дей алмаймыз.

Халықаралық қауымдастық үшін де сайлау нәтижесі қандай болары қызық. 27 қазанда АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен АҚШ Грузиядағы бақылаушылардың кең ауқымды тергеу жүргізуге шақыруларын қолдайтынын мәлімдеді.

«Алдағы уақытта біз Грузияның саяси көшбасшыларын заң үстемдігін құрметтеуге, негізгі бостандықтарға нұқсан келтіретін заңнаманы жоюға және сайлау процесіндегі кемшіліктерді бірлесіп жоюға шақырамыз», делінген Блинкен мәлімдемесінде.

Бұған дейін Еуропалық одақ Грузияны дауыс беру барысында орын алған заң бұзушылықтарды тез әрі ашық тексеруге шақырған болатын.

«ЕО Грузия азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін және ЕО негізіндегі құндылықтар мен қағидаттарға қайшы келетін кез келген заңнама жойылуы тиіс екенін еске салады», делінген Еуропалық комиссияның ЕО-ның сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі Жозеп Боррелмен бірлескен мәлімдемесінде.

Дегенмен, халықаралық қауымдастықтың пікірі жайлы сөз болғанда, саяси үдерістер ең алдымен Грузияның ішкі мәселесі екенін ескерген жөн.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

БРИКС саммиті: ҚАЗАН КЕЗДЕСУІНІҢ МӘНІ НЕДЕ?

Қазақстанның ұстанымы жаһандық саяси жүйенің трансформациясы аясында айқын прагматикалық құндылықтарға негізделіп отыр

Өткен аптада әлемнің 36 елінің басшылары БРИКС ұйымының XVII саммиті аясында Ресейдің Қазан қаласында бас қосты. Соңғы жылдары, 2022 жылы Украинаға қарсы жарияланған әскери операциядан кейін ұжымдық батыс тарапынан санкцияға ұшырап, әлем тарапынан оқшауланған Ресей үшін бұл саяси оқиғаның мәні өте зор. Саммитке, БРИКС ұйымына мүше елдерден бөлек, болашағын аталмыш ұйыммен байланыстыратын және аймақтағы саяси өзгерістерге бейжай қарамайтын бірнеше елдер басшылары қатысты. Саммиттің негізгі қонақтарының бірі – БҰҰ төрағасы Антониу Гутерриш.

Саммит қорытындысы бойынша нақты тұжырымдар жасауға ерте. Десе де, қазірдің өзінде екі айқын өзгеріске куә болып отырмыз. Біріншіден, Батыс тарапынан соңғы жылдары Ресейге қарсы оқшаулау саясатының тиімсіз болғандығын көрсетсе, екіншіден, БРИКС саммитіне қатысқан барлық елдердің ұстанымдарының тым прагматикалық бағдарда екендігі байқалды. Тіпті, кейбір мәселелер бойынша ұйым мүшелерінің көзқарасы Ресей ұстанымымен сәйкес еместігі анық көрінді. Мақаламызда БРИКС саммитінің әлемдік саясат шахмат тақтасындағы кезекті жүрісінің болашағын талдап көрелік.

- Ресей – БРИКС ұйымының негізін қалаушы елдердің бірі. Бразилия, Ресей, Үндістан және Қытай елдері қосылып, БРИКС ұйымы құрылған еді. Блокқа 2010 жылы Оңтүстік Африка Республикасының қосылуынан кейін БРИКС аталды. Кейінірек ұйымға Иран, Египет, Біріккен Араб Әмірліктері және Эфиопия елдері қосылды.
- Ресейдің Украина жеріне шабуылынан кейінгі алғашқы БРИКС саммиті 2023 жылы Йоханнесбургте өткен еді. Бірақ РФ басшысы Владимир Путин жиында қатыспай, тек бейнебайланыс арқылы сөз сөйлеген. Халықаралық басылымдар бұл жағдайды Халықаралық қылмыстық соттың оны тұтқындауға байланысты берген ордерімен байланыстырған.

Санкцияға ұшыраған елдер тобын ортақ қандай мүдде біріктіреді?

Саммит алдында талқылануы тиіс көптең назарына түскен негізгі екі мәселе айқын еді. Бірі – Бреттон-Вудс кезеңінен жалғасып келе жатқан әлемдік қаржылық жүйенің архитектурасын өзгертуге талпыныс. Екіншісі, АҚШ-тың экономикалық санкциясын саяси құрал ретінде қолдану аясына шектеу қоюға үндеу. Үш күнге созылған шара барысында ауқымды мәселелер кеңінен талқыланып, нақты шешімдерге қол жеткізілмеді.

Енді ретімен тарқатайық. Ақпарат айдынында Ресей бастамасымен соңғы жылдары БРИКС елдері құрамына жаңа елдердің көптеп қосылуын БҰҰ моделі мен ұстанымдарына көңілі толмайтын елдердің көбеюі, АҚШ тарапынан экономикалық санкцияға ұшыраған елдердің ортақ қадамы деген пікір кеңінен талқыланып келген болатын. Расында



(Дереккөз: Ақорда)

да, Иранның биылдан бастап толық мүшелікке қабылданып, басқа да бірнеше елдердің мүшелікке өтуге өтініш бергендігі туралы ақпараттың жарияланғандығы БРИКС ұйымының болашақта ықпалының артатындығы туралы пікір қалыптастырды. Десе де, Қазан қаласында өткен саммит нәтижесінен байқағанымыз, БРИКС мүше елдері ішінде қазірге айқын ортақ ұстаным толық қалыптаспаған.

Біріншіден, Ресей соңғы екі жыл бойына экономикалық санкциялық дағдарысқа ұшырауына байланысты БРИКС аясында жаһандық баламалы қаржы жүйесін құруға талпынуда. Соңғы жылдары Ресей тарапынан белсенді түрде көтеріліп келген де-долларизация (АҚШ долларының үстемдігінен бас тартып, БРИКС елдеріне ортақ валюта енгізу) процесі тоқырауға ұшырады. Саммит басталар алдында Путин ортақ валюта енгізуге ұйым елдері қазір дайын емес деп атап өтті.

Екіншіден, БРИКС ұйымының әлеуетін Қытай да өзінше, өз мүддесіне тиімді пайдалануға тырысуда. Қытай мен Ресейдің БРИКС аясында бір мәселеде ортақ мүдделері тоғысып отыр. Ол – ұжымдық батыс елдері қалыптастырған, XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан әлемдік тәртіпке баламалы жүйе енгізу. ВВС арнасының қытайлық қызметінің пікірінше, Қытай БРИКС ұйымына барынша мүдделес көп мемлекеттерді кіріктіру арқылы пікірлес, ортақ антилибералды ұстанымдағы тәртіптің негізін қалауға тырысуда. Ұйымның үшінші бір маңызды елі – Үндістан бір ұйым аясында Қытай және Ресеймен байланысын қайта пысықтауға мүмкіндік алып отыр.

Түркия белсенділігінің себебі неде?

Осы жылдың қыркүйек айында Түркия Республикасы БРИКС ұйымына қосылуға өтініш білдірді деген ақпарат тарады. НАТО мүшесі, әрі 1999 жылдан бері Еуропалық Одаққа мүшелікке ынтылау болып отырған елдің БРИКС құрамына қосыламын дегенін жаһан жұрты сан-саққа жорыған болды. Бірі – Еуропалық Одаққа қарсы көрсеткен дипломатиялық дүрлігі десе, екіншісі – Түркияның Таяу Шығыстағы тұрақтылықты қайта қалпына келтіруге жасалған алғашқы қадамы деп жатты.

Десе де, Түркия басшысы Реджеп Тайып Ердоған Қазандағы саммитке қатысып, сөз сөйледі. Ресми Анкара Түркияның БРИКС-ке мүшелікке қабылдануға ұмтылысындағы мүддесін Еуропалық Одаққа баламалы жол ретінде емес, ұлттық экономиканы әрмен қарай үдете түсудегі қосымша бағыт деп түсіндірді. Қазан қаласында өткен саммиттен түйгеніміз, өтінім берген елдер

де, жалпы БРИКС ұйымы елдері ұйымның болашағына ғана емес, сонымен қатар бір-біріне сенбейтінін көрсетті.

Әлем назары Қазан төріне БҰҰ төрағасы Антониу Гутерриштің келуіне ауды. Расында да, соңғы жылдары БҰҰ-ның фундаменталды ұстанымдарын айқын бұзып, міз бакпай жүрген елдер арасына барып, сөз сөйлеу гуманистік негізде жөнсіз болғанымен, дипломатиялық тұрғыда қажетті қадам болды. БҰҰ төрағасы 2023 жылы Оңтүстік Африка республикасында өткен саммитте де бой көрсетіп, әлемдік тәртіп, жаһандық дағдарыс бойынша БҰҰ ұстанымдарын айтып өткен еді.

Қазақстан ұстанымы айқын

Қазан қаласындағы маңызды жиынға Қазақстан басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысты. Саммитке дейін Қазақстан ресми БАҚ-та еліміздің БРИКС ұйымы бойынша ұстанымын ашық жариялаған болатын. Қазіргі таңда және жақын болашақта Қазақстан БРИКС ұйымына қосылуға өтінім беруден қалыс қалады деп көрсетілген хабарламада еліміздің әлемдік тәртіптің БҰҰ шеңберінде біртұтас сақталып қалуын жақтайтын ел екендігін айқындады.

«БРИКС Плюс» отырысы аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның соңғы жылдары маңызды кезенді артқа тастап, адамзатқа ортақ құндылықтар жолында жаһандық бірліктің жарқын мысалын көрсеткендігімен қатысушыларды құттықтады. Сәйкесінше, БРИКС бойынша Қазақстанның ұстанымы – қысқа мерзім ішінде қысым аясында қосылу емес, керісінше, стратегиялық негізде жүйесі ұзақ мерзімді байланыс аясында жалғасатынын атап өтті.

Саммитте АҚШ туралы, оның жаһандық саясаттағы ықпалы туралы да көптеген мәлімдемелер жасалды. Тек АҚШ ұстанымы ғана емес, Украина жеріндегі соғыс, Таяу Шығыстағы үдемелі қақтығыстардың шешімі мен әрмен қарай болашағы туралы негізгі қадамдардың бағыты қалай болғанда да, қараша айының алғашқы аптасында өтетін АҚШ-тағы президент сайлауы нәтижесінде белгілі болмақ. Әзірге белгілісі, Ресей ұжымдық батысқа «бізді әлемнен оқшаулай алмайсыңдар» деген белгі бергендей...

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



ӘЛЕУМЕТ

Президент тапсырмасы: МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ХАЛЫҚҚА КӨРСЕТІЛЕТІН ТЕГІН КӨМЕКТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік беретінін қадап айтты. «Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз, мемлекет халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды» деді. Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырды. Халықтың әл-ауқатын, тұрмыс жағдайын арттыруды көздейтін ұлттық жобалар ұсынды. Бұл ретте жалпыхалықтық мүддеге маңыз берді. «АҚШАМ-АҚПАРАТ» тілшісі ҚР ЕХӘКМ және ҚР ДСМ баспасөз қызметтерінің ресми деректеріне сүйене отырып, Президент тапсырмаларының орындалу деңгейін саралап, Үкіметтің әлеуметтік салада халыққа мемлекет тарапынан көмек-қолдау көрсетуде қандай шараларды жүзеге асырғанын зерделеп көрді. Сонымен, елімізде халыққа мемлекеттік қолдау мен қамқорлық көрсетудің қандай тетіктері мен бағдарлары бар?

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

- Елімізде жасы бойынша 2,4 миллионнан астам зейнеткер тұрады. Әрбір азаматтың лайықты қартаюын қамтамасыз ету – Үкіметтің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі.



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес базалық зейнетақының мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру жалғасуда. Осылайша 2024 жылғы 1 қантардан бастап оның ең төменгі мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 60%-ынан 65%-ына дейін, ал ең жоғары мөлшері 100%-ынан 105%-ына дейін арттырылды.

Қарт адамдарды қолдау, оларға әлеуметтік қызмет көрсету деңгейін арттыру, қоғамдық өмірге тарту бойынша елімізде 92 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ашылып, жұмыс істеуде. Орталықтардың жұмыс істеуіне жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 2024 жылға 5,9 млрд теңгені құрады.

Жалпы, биыл жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін ескере отырып және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында қарт азаматтарды әлеуметтік қолдауға 12,4 млрд теңгеден астам қаражат бағытталды (оның ішінде жергілікті бюджеттерден – 11,8 млрд теңге, тартылған қаражат есебінен – 0,6 млрд теңге), оның ішінде: азық-түлік жиынтығын ұсынуға – 229,4 млн теңге (26,5 мың адам); жеңілдікпен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге – 2 млрд 318 млн теңге (62,2 мың адам); тіс протездеуге – 515,5 млн теңге (3,9 мың адам); санаторийлік-курорттық емдеуді ұсынуға – 3 млрд 448 млн теңге (23,3 мың адам); тұрғын үйді жөндеуге – 31,4 млн теңге (189 адам); отынмен қамтамасыз етуге – 75,6 млн теңге (2,6 мың адам); жалпы пайдаланудағы көлікте жеңілдікпен жол жүруді ұсынуға – 5 млрд 179 млн теңге (409,9 мың адам); көмектің басқа түрлеріне – 638,4 млн теңге (81,5 мың адам).

МҮГЕДЕКТІКТІ БЕЛГІЛЕУ: 68 МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІМ

- Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында Мемлекет басшысы ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша қолайлы жағдай жасауды, олардың инстанциялар мен қағазбастылық бойынша жүруін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің көрсетілетін қызметті алушылармен байланысын болдырмауды тапсырған еді.



2024 жылдың басынан бастап мүгедектік тобын белгілеу үшін медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізудің сырттай форматы бойынша пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстанның барлық өңірлерінен 68,8 мыңнан астам өтінім қаралды. Мүгедектік тобын белгілеу жөніндегі қызметті алу үшін өтініш берушіге тұрғылықты жері бойынша емханаға жүгіну және қажетті тексеруден өту қажет, қалған процестер ақпараттық жүйелерді интеграциялау есебінен оның қатысуынсыз өтеді. Сырттай куәландыруға көшу: әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді жояды; МӘС сараптамалық шешімдерінің ашықтығын қамтамасыз етеді; мүгедектікті белгілеу және мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шараларын анықтау бойынша қызметтерді үйден шықпай-ақ алуға мүмкіндік береді; көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысын болдырмайды, сол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӨҢІРЛІК ЖОБА

АЛМАТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ:

Күн тәртібінде – жастар саясатының өзекті мәселелері

Алматыда ҚР МAM қолдауымен «Жастар Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін» халықаралық форумы өтуде. Іс-шара БҰҰДБ-ның «Орталық Азиядағы зорлықшыл экстремизмінің алдын алу мақсатында жергілікті қоғамдастықтардың тұрақтылығын нығайту» өңірлік жобасы шеңберінде ұйымдастырылды.



Форум аясында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан өкілдері, сондай-ақ Жапония мен Швейцариядан келген БҰҰ сарапшылары бас қосады. Орталық Азия елдерінде жастарды дамыту және оларды жұмыспен қамту мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, діни қызметкерлер мен құрылымдар өкілдері өз ойын ортаға салады.

Алқалы жиын тәжірибе алмасуға, жастар саясатының өзекті мәселелерін талқылауға, сонымен қатар қазіргі жастардың құқықтары мен қажеттіліктерінің жағдайы туралы ақпарат беруге бағытталған. Жұмыс барысында өңірлік ынтымақтастық үшін негізгі басымдықтар айқындалатын болады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана

Жақыпова форум барысында жұмыспен қамту саласындағы цифрлық жүйелерді, кадрларға қажеттілікті талдау мен болжауды және барлық іске асырылып жатқан жобалардың тиімділігіне уақытылы мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін жобалардың инновациялық навигаторының мүмкіндіктерін көрсетті.

Бұл форум Жапония Үкіметінің қолдауымен БҰҰ Даму бағдарламасының «Орталық Азиядағы зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу мақсатында жергілікті қоғамдастықтардың тұрақтылығын нығайту» өңірлік жобасы шең-

берінде өткізіледі. Іс-шара аясында Орталық Азия елдерінде жастарды дамыту және оларды жұмыспен қамту мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, діни қызметкерлер мен құрылымдар өкілдерінің сөз сөйлеуі жоспарланған.

«Зорлықпен экстремизмнің алдын алудың тиімді жолы ретінде жастарды жұмыспен қамту саласындағы озық тәжірибелермен және өзекті бастамалармен алмасу» панельдік сессиясында сөз сөйлеген Светлана Жақыпова жастар алдында тұрған проблемалар мен сын-қатерлерді айтты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана ЖАҚЫПОВА,
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

ЖАСТАР ЖАҢА ИДЕЯЛАР,
ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ТӘСІЛДЕР
ӘКЕЛУГЕ ҚАБІЛЕТТІ

Жастар Орталық Азияның тұрақты дамуына ықпал ететін жаңа идеялар, инновациялар мен тәсілдер әкелуге қабілетті. Жас буынның білімі мен кәсіби дамуына инвестиция салу аймақтың тұрақты дамуы үшін қажетті білім мен дағдылардың деңгейін арттыруға ықпал етуі мүмкін. Жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуы демократияның, азаматтық қоғамның дамуына және әлеуметтік тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді. Осылайша жас азаматтар Орталық Азияның орнықты дамуында маңызды рөл атқарады, оның қатысуы мен қолдауы өңірдегі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Бүгінгі күні Электрондық еңбек биржасы шеңберінде жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің «цифрлық супермаркеті» қалыптастырылды. Бір платформада қазақстандықтар қолда бар кәсіби дағдыларын арттыра алады немесе онлайн-оқыту арқылы жаңаларын ала алады, лайықты жұмыс таба алады, кәсіпкерлік негіздерін үйренеді және өз ісін ашу үшін грант алуға өтінім бере алады.

Сондай-ақ, электрондық еңбек биржасының цифрлық экожүйесі жұмыс берушілерге кадрлық іс жүргізу процесстерін жеңілдетуге және еңбек заңнамасы талаптарының сақталуына өзін-өзі тексеруден өтуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, платформада электрондық форматта еңбек және өңіраралық көші-қон саласында қызметтер көрсетіледі. Электрондық еңбек биржасы жұмыс берушілерді, жұмысшыларды және мемлекеттік құрылымдарды бірыңғай цифрлық кеңістікте біріктіреді, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты тиімді ұштастырады және азаматтарға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсартады. Жасанды интеллектті пайдаланудың арқасында платформа жұмыспен қамту қызметтерін ұсыну процесінде адами факторды барынша азайтады, кадрларды іріктеуде жоғары дәлдікке қол жеткізеді және ізденушілер үшін мансап жолдарын оңтайландырады.

Тағы бір маңызды жоба – мансап компасы, ол көпшілікке мансапты саналы түрде таңдауға ықпал ететін кәсіби мүмкіндіктер мен білім беру бағдарламалары туралы өзекті ақпаратты ұсынады. Ал mansap.enbek.kz сайты 400 мамандық және 12 бағыт бойынша талдамалық деректерді ұсына алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ҚАЗАҚ–МОҢҒОЛ
ІСКЕРЛІК КЕҢЕСІ

екі елдің бизнесі мен мемлекеттік құрылымдарының өкілдері бас қосты



(Басы 1-бетте)

Қазақстан-Моңғол Іскерлік кеңесінің бірінші отырысын ашқан еліміздің Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев өзінің сөзінде инновациялық экожүйені құруды, стартап-жобаларды дамытуды, цифрлық үкіметті (govtech) енгізуді және аэроғарыш саласындағы жобаларды қоса алғанда, цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылдың негізгі векторларын атап өтті.

Қазақстан Astana Hub халықаралық технопаркін дамыту бойынша өз тәжірибесін ұсынды, ол жұмыс істеген жылдары 1500-ден астам резидентті, оның ішінде 436 шетелдік компанияны тартты. Сондай-ақ, жаһандық нарықтарда Орталық Еуразиядан стартаптарды қолдауға бағытталған шет елдерде IT-хабтар құрудың табысты тәжірибесі ұсынылды.

Мысалы, Моңғолия нарығына 6 мыңнан астам Скутер ұсынған қазақстандық Jet электр скутерлерін жалға беру стартапы сәтті шыққанын атап өтуге болады. Ал


моңғол стартаптары Astana Hub акселерациялық бағдарламаларына белсенді қатысады. Мысалы, Fibo Group стартапы біздің технопаркте Google for Startups акселерациялық бағдарламасынан сәтті өтті. Бағдарламаға қатысу стартаптарға халықаралық тәжірибеге және жетекші сарапшылардың қолдауына қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл олардың одан әрі дамуы мен жаһандық нарықтарға шығуы үшін маңызды қадам болып табылады.

Ынтымақтастықтың маңызды элементі eGov қазақстандық электрондық үкімет жүйесінің экспортын талқылау болды. Бұл жоба Моңғолияға Қазақстанның Мемлекеттік қызметтерді цифрландырудағы жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді, онда қызметтердің 90%-дан астамы онлайн режимінде ұсынылады.

Іскерлік кеңестің бірінші отырысы тұрақты дамуға және қазіргі заманғы сын-қатерлерді бірлесіп еңсеруге бағытталған стратегиялық әріптестіктің берік негізін қалады.

ТУРИЗМ

Қазақстан Lonely Planet журналының нұсқасы бойынша 2025 жылы саяхаттауға болатын ең үздік елдердің тізіміне енді. Бұл туралы ҚР ТСМ баспасөз қызметі хабарлады.



ҮЗДІКТЕР САПЫНДАМЫЗ

Журнал сарапшылары жыл сайын саяхатшылар, қызметкерлер, авторлар және туризм саласындағы басқа да мамандардың ұсыныстарына негізделген бағыттарды мұқият талдап, үздіктерді анықтайды. 2025 жылғы таңдау Қазақстанға түсіп отыр. Еліміз шетелдік сала сарапшыларын бай тарихымен, алуан түрлі табиғатымен және бірегей мәдени мұрасымен баурап алған.

Әлемнің беделді басылымының тізіміне енген Қазақстан ежелгі дәстүр мен заманауи өмір тоғысқан ел ретінде сипатталған. Елімізге келген әрбір турист отанына ерекше сезіммен оралатыны анық. «Қазақстан – тек саяхаттайтын ел емес, ашылуы тиіс әлем, сапарға шығуды қажет ететін және тарихтың бір бөлшегі болатын ел. Ежелгі Жібек жолының сыдыры Қазақстан қалаларын қоршап тұрған шексіз далада да естіледі», деп жазылған Lonely Planet басылымында жарияланған мақалада.

«Best in Travel 2025 — бұл біздің жыл сайынғы әлемге арналған жүрекжарды хатымыздың соңғы нұсқасы. Біз осы басылымға енген бағыттарды мақтан тұтамыз және ұсыныстарымыздың негізінде жатқан терең түсінік пен жергілікті біліммен бөлісуге қуа-

ныштымыз. Біздің тізім келесі жылы саяхатшыларға жаңа бағыттарды ашуға шабыттандырады деп сенеміз», – дейді Lonely Planet-тің контент бойынша аға вице-президенті және атқарушы редакторы Нитя Чамберс.

Қазақстанның туристік әлеуетін тек Lonely Planet журналы ғана емес, әлемге танымал туристік басылымдар да жоғары бағалап отырғанын айта кеткен жөн. Мәселен, Conde Nast Traveler мен Wanderlust басылымдары Қазақстанды 2024 жылғы әлемдегі ең үздік саяхат бағыттарының тізіміне енгізген.

Алматы қаласы The New York Times рейтингі бойынша 52 үздік туристік бағыттың қатарына кірген.

eQonap жүйесінің деректеріне сәйкес, 2024 жылдың қыркүйек айында Қазақстанның туризм саласында айтарлықтай өсім байқалған. Бүгінге дейін аталған жүйеде 460 652 заңды орналастыру орындары тіркелген. Бұл көрсеткіш шетелдіктердің отандық туризмге деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді. Жүйе іске қосылған сәттен бастап 3,3 миллионнан астам, ал биылғы қыркүйекте 140 мыңнан астам турист тіркелген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ержан ЕРКІНБАЕВ,
ҚР Туризм және спорт вице-министрі:

БІЗ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ ПРИНЦИПТЕРІН ҰСТАНАМЫЗ

Қазақстанның Lonely Planet секілді әлемдегі беделді басылымының Best in Travel 2025 рейтингінде болуы – еліміздің туризміне әлем бойынша қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Елдің шынайы мәдениеті мен алуан түрлі табиғатын халықаралық деңгейде ілгерілетуді жсалғастыра отырып, біз тұрақты туризм принциптерін ұстанамыз.



СЕМИНАР

АЛМАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР

Қаржының қайда кеткенін
ашық жариялауға
шақырды



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алып Алматыда бүгінде жол-құрылыс жұмыстары қарқын алғанын байқауға болады. Деректерге сүйенсек, биыл мегаполисте 250 км болатын 274 көше орташа жөндеуден өтеді. Осылайша жақсы және қанағаттанарлық жағдайда тұрған қала жолдарының үлесін 92%-ға жеткізу жоспарланып отыр.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматы маңындағы негізгі трассаларды кеңейту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, бүгінде Құлжа тас жолы тақтайдай тегістеліп, алты жолаққа көбейгелі жолаушылардың да, автокөлік жүргізушілерінің де көңілі жайлана түскендей. Бұл бағытта қазір бұрынғыдай сағаттап тұратын көлік кептелісі жоқ. Сәл кідіргені болмаса қоғамдық көлік те, жеке көлік те үздіксіз ағылып жүріп тұр.

Қазіргі таңда жоғарғы Қаскелең тас жолын қаладан үлкен айналма жолға дейінгі үш шақырым бөлігін төрт жолаққа дейін кеңейту жұмыстары қолға алынды. Сол себепті қазір қалаға кірер жолда сағаттап кептелістер орын алуда. «ҚазАвтоЖол» ҰК Алматы облыстық филиалы хабарлағандай, қазір жолшылар жол жиегі мен тротуарды жасап жатыр. Мамандар жақында асфальт



төсеу жұмыстарын бастап, жұмысты суық түскенге дейін аяқтауға тырысып бағуда. Мамандардың айтуынша, жоба 2024 жылдың аяғы – 2025 жылдың көктемінде толық аяқталады.

Қазір құрылысшылар Ташкент тас жолын алты жолаққа дейін кеңейту жұмыстарын бастады. 19.2-ден 19.7 шақырымға дейінгі «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің жанынан үлкен айналма жол қиылысына дейінгі 500 метрлік бөлікте жұмыс жүргізілуде. Жұмыс түнде жүргізілетіндіктен кешкі уақытта бұл бағыттарда үлкен кептелістер орын алуда. Әйтсе де, бұл уақытша. Жолаушылар осыны ескерсе, құба-құп.

Ұлттық компания мамандарының айту-

ларынша, бүгінде Құлжа тас жолындағы орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда. Жалпы, жобада Алматы шекарасынан Есік бұрылысына дейін (14-тен 43 шақырым) жаңа асфальт төсеу көзделген. Қазір Гүлдала ауылынан Төңкеріс бұрылысына дейінгі бөлікте асфальттың төменгі қабаты төселген. Жоғарғы қабатты төсеу және жұмысты аяқтау 2025 жылдың аяғына жоспарланған.

Ал Талғар тас жолын кеңейту жұмыстары 2026 жылға жоспарланған. Тұздыбастау ауылына дейінгі көпірден үлкен айналма жолға дейінгі (13-тен 21 шақырым) бөлік төрт жолақты болады. Жолшылар жобада жол бойымен тротуар мен жарық болады деп жоспарлап отыр.



Айнабай
МӘДИ

«Қоғамдық даму басқармасының әлеуметтік тапсырысымен өтіп жатқан семинардың маңызы зор. Мұның мәнісін қарапайым тілмен жеткізуге де болады. Мәселен, біздегі қоғамдық ұйымдар әр алуан шарамен, соның ішінде қайырымдылық шараларымен де айналысады. Бұл шаралар грант, сондай-ақ әлеуметтік тапсырыс түрінде болуы мүмкін. Қаражат қалай, қайда кетіп жатыр? Осы мәселелер көбіне-көп тасада қалып қоятыны бар. Бұл жағдай кейде әлемдік терроризмді қаржыландырумен, қылмыстық жолмен жымқырумен байланысып жатуы да мүмкін. Бірақ бұл дер кезінде байқалмайды. Сондықтан мұның алдын алу шарасы жасалуы қажет», – деп мәлімдеді «Болашақ – Қазақстанға!» СКБ-нің жоба меңгерушісі Қанат Мірқайдаров.

«ФАТФ негізінен, қылмыстық жолмен жымқырылған кірістерді қайтарып, заңдас-тыруға арналған, терроризммен күресуге бағытталған халықаралық стандарттарды әзірлеумен шұғылданады. ФАТФ-тың 40-тан астам ұсынымы бар. Соның ішінде, бізге, яки ҰЕҰ-ға қарастысы – 8-ұсыным. Онда ҰЕҰ мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері қылмыстық жолмен алынған кірістерге қарсы жұмыстарды жүргізе алады. Бұл ретте міндет – оларды ақпараттандыруды жүзеге асыру.

Демек, осы орайда кезігетін, түрлі қаржылық кедергі тәрізді тәуекелмен таныстырылуы қажет. Бұл жай айтылып қоймай, осындай жиын, семинар арқылы түсіндірілуі керек. Осы мәселелердің қалай алдын алу, қандай жұмыс жүргізу қажеттігін үйрету де маңызға ие. Семинардың мақсаты да осы жағдайлармен үндес келеді», – деді Алматы қалалық Азаматтық альянстың төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

МОПЕД МІНГЕН

757 адам зардап шекті

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қаласы бойынша Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек жолдағы қауіпсіздікті арттыруға бағытталған шаралар жайында айтып, мопед пен электр скутер тәрізді баламалы көлік түрлерінің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғасы (ЖКО) санының артуына айрықша назар аударды.

Полиция мәліметінше, мопедтердің қатысуымен болған 743 ЖКО-да 757 адам зардап шегіп, 14 адам қаза тапқан. Электрлі скутерлердің қатысуымен 103 ЖКО тіркеліп, салдарынан 109 адам жарақат алған,



қаза тапқандар жоқ. Мотоциклдердің қатысуымен 19 апат тіркеліп, 19 адам зардап шегіп, 2 адам қаза тапты. Ресми өкілдің айтуынша, Алматы жолдарында мопедші мен скутер пайдаланушыларды бақылауды күшейту барысында күн сайын рейд жүргізетін 8 мотоцикл экипажы патрульдейді.

«Жыл басынан бері 3 420 483 рет жол қозғалысы ережесі бұзылған. Мас күйінде көлік құралын басқарған 1 890 жүргізуші ұсталды, 2 846 адам жүргізуші куәлігінен айырылды. Ал 6000-нан астам көлік құралы, оның ішінде 1700 мопед арнайы тұраққа қойылды», – деп қорытындылады Алматы ПД ресми өкілі.

ЖИЫН

ОТБАСЫҢА ИЕ БОЛ,
ОТАҒАСЫ!

Алматыда бас қосқан дәстүрлі дін өкілдері отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін шешуге үн қосты.

«Отбасыңа ие бол, отағасы!» деп қазақ атам бекер айтпаған. Отбасында қырғи-қабақтық көп дүниеге кері әсерін тигізеді. Әйел бүлінеді, бала үгіледі. Аяғында айрандай ұйып отырған отбасы ту-талақай болады да кетеді. Кімге пайда, кімге залал? Осыны болдырмау үшін отағасы мен отанасы арасында кешірім-мен қарар бірлік керек, тату-тәтті тірлік керек. Отбасында әйел мен ерінің жауапкершілігі кемісе, соңы құрдымға айналары анық.

«Рухани келісім күні» әлемнің шартарабынан шаһарымызға келіп, жұмысын жалғастырып, «дөңгелек үстел» басына жиялған алыс-жақын шетелдік қоғамдық ұйымдар мен отандық діни бірлестік басшылары қоғамымыздағы осы бір дерекелікпен «дүркіреп» тұрған, салмағы зілбатпан, зардабы мың батпан мәселені талдап, талқылады. Жиынды Алматы қалалық Дін істері басқармасының басшысы Нұрлан Қиқымов пен қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі Бекнұр Қисықов жүргізіп отырды.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, шаһарымызда он сегіз конфессия жұмысын жүргізуде. Осылардың бәрін жалпы рухани құндылық, соның ішінде әйелдерге деген құрмет пен балаларға мейірім біріктіріп тұр. Басқосуға қатысты «Дағдарыс орталықтары одағы» ҚБ төрағасы Зулфия Байсакова былай дейді: «Бұл орайда әр алуан діни бірлестік өкілдері осы бір өзекті мәселені бірлесе шешуге атсалысатынына сенім артамын. Дегенмен, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың проблемасы шаш-етектен екенін айтуға тиіспіз. Еліміздегі осы өзекті мәселені шешуге мүмкіндік бар. Осыған байланысты заңдық негіз де бар. Отбасылық зомбылықта кінәлі адам өз әрекетіне қатысты қылмыстық жауапқа тартылады. Көбіне-көп үйдің еркегі кінәлі болары анық. Бұдан өзге, елімізде зардап шеккендерге көмек қолын созатын көптеген орталық жұмыс істейді. Соның ішінде, зомбылыққа куә болған балаларға да тиісінше жәрдем көрсетіледі».

Дін істері басқармасының басшысы Н.Қиқымов елімізде еркіндік пен діни сенім жолында барлық жағдай жасалғанын айтып, діни бірлестіктердің жетекшілері еліміздің қоғамдық өміріне, соның ішінде, отбасы зорлық-зомбылығына қатысты әралуан кикілжіңге де белсене араласып жатқанына тоқталды.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

ЦИФРЛАНДЫРУ

45 МЫҢ КАМЕРА ҚОСЫЛДЫ

Алматыда «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» (ББЖ) жобасын жүзеге асыру жалғасып келеді. ББЖ жобасының негізгі міндеті – қаладағы барлық бейнебақылау камераларын бір платформаға біріктіріп, түрлі тапсырмаларға арналған бейнебақылау камераларын бір платформаға біріктіріп, түрлі тапсырмаларға арналған бейнебақылау камераларын бір платформаға біріктіріп, түрлі тапсырмаларға арналған уақыт режимінде бейне талдау қалыптастыру.

Бейне талдау түтінді, отты, қалған заттарды, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғаларды, киімді, жынысты және бет-әлпетті тану және т.б. негізінде қалыптасады.

Алматы қалалық цифрландыру басқармасы мен қала әкімдігінің жобалық кеңсесінің мәлімдеуінше, қазіргі уақытта 603 мемлекеттік және 906 жеке нысан бейнебақылау камераларын ББЖ-ға қосу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде Бірыңғай бейнемониторинг жүйесіне 45 мың бейнекамера қосылған. Биыл екінші тоқсанда «Сергек» зияткерлік қауіпсіздік жүйесінің қосымша 300 аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды.

Айта кетейік, қалада 9034 бейнекамерадан тұратын 1641 «Сергек» кешені жұмыс істеп тұр.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.



МЕГАПОЛИС

ТУ КӨТЕРІЛІП, ӘНҰРАН ШЫРҚАЛДЫ

Алматыда Республика күніне орай «Менің Туым, менің Гимнім» патриоттық шарасы өтті



Қазақстанның егеменді ел екенін әйгілейтін ұлық мейрам – сан ғасырлық тарихы бар мемлекеттілігіміздің қайта жаңғыруының символы... Біз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың арқасында аса күрделі сын-қатерлерді еңсеріп, ауқымды өзгерістерді жүзеге асырып келеміз. Қоғамдағы заң мен тәртіп, азаматтардың еңбекқорлығы мен кәсіби біліктілігі қазіргі реформалардың берік тірегіне әрі қозғаушы күшіне айналды. Біз болашаққа нық сеніммен қарап, Әділетті Қазақстанды құру жолында нақты қадамдар жасай береміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ру, патриоттық сезімді ояту – біздің басты мақсатымыз», – деп атап өтті Айдар Есенбеков.

МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ

1990 жылы Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданғаны – еліміздің тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі. Бұл күн Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы ретінде есептеліп, 2022 жылдан бастап қайтадан ұлттық мереке деңгейіне көтерілді. Соңғы үш жылдан бері Республика күні аясында елдің түкпір-түкпірінде кең ауқымды іс-шаралар өтіп келеді.

БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Жиынның негізгі мақсаты – жастарға еліміздің тәуелсіздігі мен еркіндігі туралы түсінікті насихаттап, патриоттық тәрбие беру. Осы мақсатта жыл сайын Мемлекеттік Ту астында Әнұран шырқап, ортақ мақсаттар мен құндылықтарға адалдықты білдіру дәстүрге айналып отыр.

Алматыдағы «Менің Туым, менің Гимнім» патриоттық шарасы – еліміздің болашағы жастардың жүрегіне тәуелсіздік пен бірлік құндылықтарын сіңіретін маңызды қадамдардың бірі. Қала тұрғындары үшін бұл мерекелік шара ғана емес, ортақ құндылықтарымызды сезініп, еліміздің мәртебесін асқақтатуға арналған ерекше мүмкіндік.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Республика күніне орай Алматыда мемлекеттік Ту көтеру және Әнұранды орындау салтанатты рәсімі өтті. Отаншылдық пен рухты көтеру мақсатында ұйымдастырылған бұл іс-шара «Медеу» биік таулы спорт кешенінде өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиынға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, мәслихат депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жастар ұйымдарының өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Салтанатты рәсімнен кейін ашық аспан астындағы концерт ұйымдастырылды, онда қа-

зақстандық эстрада жұлдыздары қала тұрғындары мен қонақтары үшін өнер көрсетті.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбековтың айтуынша, 25 қазан – тәуелсіздікке алғашқы қадам жасалған тарихи маңызды күн. Егемендік туралы декларация дәл Алматыда қабылданған, сондықтан Республика күні алматылықтар үшін ерекше қастерлі дата болып саналады.

«Республика күнін мерекелеу аясында Алматыда бірнеше күн бойы түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Медеу шатқалында орналасқан Ту тұғырының жанында «Менің Туым, менің Гимнім» атты патриоттық шара өткіздік. Бұл дәстүрге айналып келе жатқан шарада жыл сайын осы жерге жиналып, Әнұранымызды шырқап, Мемлекеттік Туымызды көкке көтеріміз. Жастарға осы күннің мәнін түсінді-

ӘУЕДЕГІ ДРОНДАР ШЕРУІ

немесе 850 дрон Алматының аспанына алманың, шаңырақтың, киіз үйдің, қыранның, барыстың суретін «салып» берді



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Иә, қаланың мыңдаған тұрғыны мен қонақтары ұмытылмас жарқын көріністі тамашалау үшін Абай мен Астана алаңдарына ағылды. Республика сарайы алдындағы Абай атындағы алаңның өзінде 500-ден астам дрон синхронды түрде көкке көтеріліп, бірегей 3D визуалды бейнелер жасады. Инсталляциялар ұлттық мәдениеттің элементтерін және ел тарихындағы маңызды сәттерді бейнелеп, талай кеудеге мақтаныш сезімін ұялатқаны анық. Дрондар салған әуедегі «суреттер» музыкалық шығармалармен сүйемелденіп тұрды.

– Мен мынадай шоу, ғажап көріністі бірінші рет көріп тұрмын. Ақпараттық технологияның кереметін осындайда мойындайды екенсің. Түнгі аспанда қазағымның

домбырасының, киіз үйдің, шаңырақтың, көкте қалықтаған қыранның, тіпті, қып-қызыл алманың бейнесін көргенде, кеудемді мақтаныш кернеді. Жанымда тұрған балаларым да қуанып, қолдарын ша-

палақтап мәз болды. Көргеннің көзін тойдырған шоудың әсерінен көпке дейін арыла алмадым. Біздің түнгі Алматы сондай әдемі! – деді Алатау ауданының тұрғыны, көпбалалы ана Айдана Құрайысова.



Алматы жұртшылығы биылғы Республика күнін ерекше деңгейде атап өтті. Мәселен, 850 дронның көмегімен анимациялық шоу ұйымдастырылды. Түнгі қала көгінде жарқ-жұрқ еткен дрондар шеруі алып мегаполистің халқын таңдай қақтырды.





Суреттерді түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ

«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘБДІЖӘМІЛ»

Әбдіжәміл Нұрпейісов тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылды

Шаһардағы Достық үйінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, жазушылар, сыншылар, тарихшы-ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен «Әлем таныған Әбдіжәміл» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков қатысты. Конференцияның салтанатты ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың құттықтау хаттары оқылды.



мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Әбдіжәміл Кәрімұлы отандық және әлемдік әдебиет тарихында жарқын із қалдырып, XX ғасырдағы қазақ мәдениетінің символына айналды. Классик жазушы азаматтық ұстанымы мен алға қойған мақсатына берік болды, сол арқылы шығармашылықтың шыңын бағындырды, адамшылықтың аскарына шықты. Бұл жол кейінгі буынға өшпес өнеге. Заңғар жазушының мәңгілік есте қалдыруға бағытталған бұл қадам өрісті болып жалғасын таба берсін», – деп атап өтті салтанатты іс-шара барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Бұл іс-шара Әбдіжәміл Нұрпейісовтің қазақ руханиятына қосқан үлесін ұлықтап, оның шығармашылығын ел есінде мәңгі қалдыруға бағытталған маңызды оқиға ретінде бағаланды.

Қазақ әдебиетінің классигі, халық жазушысы, публицист, аудармашы және қоғам қайраткеріне арналған ескерткіш-тақта әйгілі «Қан мен тер» тарихи-революциялық трилогиясының авторы тұрған үйдің қабырғасына, яғни Төлебаев көшесіндегі 156-шы үйге орнатылды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

«Сөз өнерінің сардары саналы ғұмырын ұлтының дүниетанымын байытуға арнады. Әдебиет әлеміне құбылыс болып енген сұңғыла суреткер қазақ прозасына ерекше қолтаңбасын қалдырды. Көзі тірісінде-ақ классик атанған жазушы қаламгерлердің жаңа буынына үлгі-өнеге көрсетіп, өзіндік мектебін қалыптастырды. Өбейің әр туындысынан туған жерге деген риясыз сүйіспеншілігі айқын көрінеді. Оның «Қан мен тер», «Соңғы парыз» секілді романдарын өз заманының айнасы деуге болады. Арал арқылы қазақтың, қа-

зақ арқылы барша адамзаттың мәселесін көтерген бұл шығармалар – әлем өркениетіне қосылған құнды қазына», – делінген Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Конференцияға Франция, Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Әзербайжан, Литва және т.б. шетелдік жазушылар да қатысып, Әбдіжәміл Кәрімұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қызықты деректермен бөлісті.

Иә, классик жазушының туындылары бірнеше тілге аударылып, әлем жұртшылығына бұрыннан таныс. Қаламгерлердің айтуынша, қаламгердің шығармалары әлі де зерттеуді қажет етеді. Айтпақшы, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевтың айтуынша, «Қан мен

тер» трилогиясын түрік тіліне аудару жоспарланып отыр.

Жазушының жүз жылдық мерейтойына орай еліміздің барлық өңірінде көптеген іс-шара, әдеби кештер ұйымдастырылды. Кейінгі үш айдың өзінде өңірлерде 50-ге тарта іс-шара өткен.

Сондай-ақ, Алматыда Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай мемориалдық тақта ашылды. Салтанатты іс-шараға қаламгердің туыстары мен жақындары Шұға Нұрпейісова, Кәрім Нұрпейісов, сондай-ақ жазушылар,

МҰРАЖАЙ

ЕР МЕН ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

дәріптелген кеш көрермендерге рухани азық сыйлады



Республика күніне орай Нұрғиса Тілендиев атындағы мемориалдық мұражайда «Өз елім» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Концерттің негізгі мақсаты – тұрғындар арасында патриоттық сезімді арттыру. Іс-шара барысында өнерпаздар композитор, Халық қаһарманы Н.Тілендиевтің туындыларын орындап, көрерменнің көңілінен шықты.

Ернұр
РЫСБАЙ

– Бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты – Республика күнін үлкен деңгейде атап өту, Н.Тілендиевтің мемориалдық музейінің бар екенін көрсету, композитордың шығармаларын таныту. Бүгінгі концертте Құрманғазы атындағы консерваторияның студенттері өнер көрсетті. Нұрғиса Тілендиевтің «Құстар әні», «Туған ел», т.б. әндері шырқалды. Бұл мемориалдық музей 2014 жылы ашылды. Кез келген адам келіп көре алады. Оқушыларға кіру тегін, – деді Н.Тілендиев атындағы мемориалдық музейінің экскурсоводы Мөлдір Зікірбай.

Әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің туындыларын халық сүйіп тыңдайды. Оның шы-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ғармашылығын бағалайтын және насихаттайтын адам жетерлік. Солардың бірі – Абай атындағы қазақ ұлттық опера және балет театрының стажер солисі Шыңғыс Нұрғалиұлы. Ол ұлы тұлғаның әндеріне деген махаббаты бөлек екенін айта кетті.

– Нұрғиса Тілендиев атамыз әрбіріміздің жүрегімізде деп ойлаймын. Осындай керемет мерекесі осы мұражайға келіп, ол

кісінің заттарын көріп, шабыттандым. Өте әсерлі сәт деуге болады. Мұндай ұлы тұлғалардың есімі ешқашан өшпейді деген сенімдемін. Әрбір әнінің өзіндік мән-мағынасы бар, – деді ол.

Елге деген құрмет пен сүйіспеншілікті дәріптеген бұл концерт көрермендерге рухани азық сыйлап, өнер мен патриотизмнің маңыздылығын ұмытпауға шақырды.

ЕҢБЕК МИГРАНТТАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ШЕТЕЛ
АЗАМАТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын республикаға шетел мамандарын тартуға квота белгілейді және бөледі. 2024 жылы жалпы квота республикадағы жұмыс күшінің санына қатысты 0,23% немесе 21,5 мың бірлік мөлшерінде белгіленді.

ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығы хабарлағандай, еңбек мигранттары келетін негізгі елдер: Қытай – 4600

адам, Өзбекстан – 1698 адам, Түркия – 1145 адам, Үндістан – 1101 адам.

2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдардың рұқсатымен Қазақстан аумағында 13 707 шетел азаматы еңбек етеді.

Шетел жұмыс күшін (бұдан әрі – ШЖК) тартуға рұқсаттардың арасында мынадай санаттар бар: басшылар мен олардың орынбасарлары үшін 548 рұқсат (бірінші санат), құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін 2503 рұқсат (екінші санат). Тартылған ШЖК негізгі бөлігі үшінші (мамандар) және төртінші (білікті жұмысшылар) санаттарға жатады – тиісінше олар 4874 және 861 адам. Сондай-ақ, маусымдық жұмыстарға 1586 адам, ал корпоративтік ауыстыру аясында 3335 адам тартылған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК пайдаланатын 1799 жұмыс беруші бар. Оларда 390,2 мыңнан астам Қазақстан азаматы жұмыс істейді, бұл қызметкерлердің жалпы санының 96,6%-ы.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп жұмыс істейтіндер құрылыс саласында – 5144 адам; ауыл, орман және балық шаруашылығында – 1638 адам; әкімшілік және көмекші қызметтерде – 1439; өңдеу өнеркәсібінде – 1376 адам; тау-кен өнеркәсібі және қарьерлерді қазу саласында – 1344 адам бар.

СТАТИСТИКА

ТАРИХИ
ОТАНЫМЕН
ТАБЫСҚАНДАР

қандас мәртебесін алды

ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 2024 жылы 14 391 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы, 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 142,7 мың этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан бері Қазақстанға: Қытайдан қандастардың 45,8%-ы, Өзбекстаннан – 39%-ы, Моңғолиядан – 5,9%-ы, Түрікменстаннан – 5,2%-ы, Ресейден – 2,9%-ы және басқа елдерден 1,2%-ы келген екен.

Осы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны – 57,6%-ды, еңбекке қабілетті жастан кішілер – 33,1%-ды және зейнеткерлер – 9,3%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 17,9%-ы – жоғары білімді, 24,4%-ы – орта кәсіби білімді, 54,4%-ы – жалпы орта білімді, ал 3,3%-ында білім жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.

Қандастарымызды қоныстандыру үшін еңбек күші тапшы өңірлер: Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы – 3033 адамды құрайды. 2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 2477 қандас қоныс аударған.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мынандай мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады:

• бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК

(258,4 мың теңге) мөлшерінде;

• тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (55,3-ден 110,7 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Жыл басынан бері 2140 қандасқа түрлі қолдау шаралары көрсетілген. Атап айтқанда, 575 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтарды солтүстік өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4,28 млн теңгеге дейін мөлшерінде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы пилоттық режимде Қазақстан елшіліктері арқылы «бір терезе» қағидаты бойынша қандас мәртебесін беру тетігі іске асырылған болатын. Пилоттық жоба шеңберінде елімізге бару, жұмыс орны, тұрғын үй беру мүмкіндіктері туралы мәселені шешуге және республика аумағына кірмей-ақ қандас мәртебесін алуға болады. Бүгінгі таңда этникалық қазақтардан жаңа форматта 19 022 өтініш қабылданған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ
СЕРТИФИКАТТАРЫ

қандастар мен қоныс аударушы отбасыларға берілді

2023 жылдан бастап елімізде 2023–2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жұмыс күші артық аумақтардан жұмыс күші тапшы өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуды ынталандыру үшін экономикалық ұтқырлық сертификаттары (бұдан әрі – ЭҰС) енгізілді.

Сертификаттар Үкімет белгілеген қоныстану аймақтарына тұрақты тұруға көшкен қандастар мен ішкі қоныс аударушыларға беріледі және тұрғын үй сатып алуда материалдық көмек көрсетуді көздейді. Бүгінгі таңда осы ЭҰС 1246 отбасына берілді.

Сертификат бір рет өтеусіз және қайтарымсыз негізде тұрғын үй құнының 50% немесе бір отбасына 4,2 млн теңгеге дейін беріледі.

Материалдық көмек Ұлттық банк бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Үкімет бекіткен мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесі нысанында ұсынылады.

Тұрғын үйді меншікке сатып алу үшін сертификат алдын ала шарт неме-



се тұрғын үйді сатып алу-сату шарты болған кезде беріледі.

Тұрғын үй салу кезінде сертификат ҚР Жер және басқа да заңнамаларына сәйкес жеке тұрғын үйлер салу үшін меншігінде жер учаскелерінің болуын ескере отырып беріледі.

Сертификатты тұрғын үй сатып алу кезінде бастапқы жарнаның бір бөлігі ретінде пайдалану үшін екінші деңгейдегі банктен тұрғын үй қарызын беруді мақұлдау туралы хат ұсыну қажет. Бұл ретте экономикалық ұтқырлық сертификаты келу өңіріндегі тұрақты тұратын елді мекенде ғана тұрғын үй сатып алу үшін беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, қоныс аударушыларға экономикалық ұтқырлық сертификатынан басқа мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады:

• Көшуге арналған субсидия – бір уақытта отағасына және отбасы-

ның әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде (258 440 т);

• Тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған субсидия – ай сайын, 12 ай ішінде отбасы мүшелерінің санына және елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде (55 380 теңгеден 110 760 теңгеге дейін);

• Қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;

• Жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

• Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушіге кемінде 2 жыл мерзіммен тұрақты жұмысқа орналасу және тұрғын үймен қамтамасыз ету шартымен әрбір қабылданған жұмыскер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі (1 476 800 т).



НАРЫҚ

АЛМАТЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ

Алматы – еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күші және көшбасшысы. Бұл қала елдің қаржы және іскерлік орталығы рөлін атқарады, сондай-ақ көптеген халықаралық компаниялардың аймақтық штаб-пәтері орналасқан. Алматының экономикасы бүгінде тұрақты өсіп келеді.

Серік
ЖҰМАБАЕВIT-компаниялар мен
стартаптар саны
артып келеді

(Дереккөз: kz.kursiv.media)

Алматы – Қазақстанның қаржы орталығы болып табылады, онда елдің ірі банктері, сақтандыру компаниялары және қор биржасы орналасқан. Қалада орналасқан Қазақстан қор биржасы (KASE) арқылы ірі мәмілелер жасалып, елдің қаржы нарығының дамуына ықпал етеді. Халықаралық қаржы орталығының ашылуы қала экономикасын одан әрі нығайтып, шетелдік инвесторларды тартты.

Алматы – Қазақстандағы ең ірі сауда және қызмет көрсету орталығы. Қалада көптеген сауда орталықтары, дүкендер, мейрамханалар және қонақүйлер орналасқан. Бұл сала туризммен тығыз байланысты. Алматыны жыл сайын мыңдаған туристер табиғи көрікті жерлері үшін де, іскерлік және мәдени шараларға қатысу үшін де келіп көреді. Сауда секторында кіші және орта бизнестің үлесі де маңызды рөл атқарады.

Қаланың өнеркәсіп секторы да қарқынды дамып келеді. Алматыда жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау және құрылыс материалдарын өндіру дамыған. Өнеркәсіптік аймақтарда көптеген кәсіпорындар шоғырланған, олар тек ішкі нарыққа ғана емес, экспортқа да жұмыс істейді.

Алматының географиялық орналасуы оны маңызды көлік және логистика хабы етеді. Қала Еуразия құрлығының орталығында орналасқандықтан, Қазақстанның басты көлік артериясы ретінде қызмет атқарады. Алматы халықаралық әуежайы және теміржол байланыстары арқылы көптеген елдермен тікелей байланыс орнатады. Бұл көлік және логистика саласының дамуымен қатар жүреді.

Соңғы жылдары Алматының технологиялық секторы да дамып келеді. Қалада IT-компаниялар мен стартаптардың саны артып келеді. IT-парктер мен инновациялық орталықтардың құрылуы Алматыны технологиялық және инновациялық орталыққа айналдыруға ұмтылысын көрсетеді. Мемлекет пен жеке сектордың цифрлық экономикаға инвестициялары айтарлықтай өсті.

Алматы Қазақстандағы ірі ғылыми және білім беру орталығы болып табылады. Қалада көптеген университеттер, зерттеу институттары және жоғары оқу орындары орналасқан. Білім беру секторының дамуы білікті кадрлардың көптеп шығуына ықпал етіп, экономиканың әртүрлі салаларына қолдау көрсетеді.

Шаһарда электронды сауда
қалай дамыған?

Алматыдағы электронды сауда (e-commerce) соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Қаланың жоғары технологиялық инфрақұрылымы, халықтың интернетке кең қолжетімділігі және онлайн саудаға деген сұраныстың артуы Алматыны Қазақстандағы электронды сауданың орталығына айналдырды.

Алматы Қазақстанның ең ірі қаласы болғандықтан, мұнда интернет пен цифрлық технологиялар кеңінен таралған. Халықтың басым бөлігі интернетке қол жеткізе алады, бұл электронды сауданың дамуына қажетті инфрақұрылымды қалыптастырады. Онлайн сауда алаңдарына қолжетімділік интернет пайдаланушылар санының өсуімен тікелей байланысты.

Пандемия кезінде көптеген сауда орындары жабылып, халықтың үйден шығуы шектелді. Бұл жағдай электронды сауданың қарқынды дамуына себеп болды. Алматыдағы кәсіпкерлер мен тұтынушылар онлайн сауданың артықшылықтарын байқап, электронды

сауда платформаларына көптеп ауыса бастады. Бұл жағдай Қазақстанда және Алматыда e-commerce нарығының кеңеюіне серпін берді.

Алматыдағы логистика мен жеткізу қызметтері де электронды сауданың дамуына үлкен үлес қосты. Курьерлік қызметтер мен жеткізу компанияларының жұмысын жетілдіру арқылы қала тұрғындарына тауарларды жылдам және тиімді жеткізу мүмкіндігі артты. Бұл әсіресе азық-түлік, тұрмыстық техника, киім-кешек сияқты тауарларға деген сұранысты арттырды.

Алматыда жергілікті электронды сауда платформалары, сондай-ақ халықаралық e-commerce алыптары белсенді қызмет етеді. Kaspi.kz, Satu.kz, ChocoFamily сияқты отандық платформалар үлкен сұранысқа ие. Сонымен қатар, AliExpress, Wildberries, Lamoda секілді халықаралық платформалар да алматылықтар арасында танымал.

Соңғы жылдары Алматыда азық-түлік өнімдерін және тұрмыстық заттарды онлайн сатып алу кеңінен таралды. Бұл саланың өсуіне Kaspi.kz пен ChocoFamily сияқты платформалар үлес қосты, олар тұтынушыларға азық-түлік пен тұрмыстық заттарды үйге жеткізу қызметін ұсынады.

Киім-кешек пен сән тауарлары Алматыдағы электронды сауданың басты бөлігін құрайды. Lamoda, Wildberries секілді халықаралық платформалар мен отандық сатушылар сән индустриясын онлайн кеңістікке шығарып, тұтынушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынуда.

Электронды құрылғылар мен тұрмыстық техника Алматыда сұранысқа ие тауарлардың бірі. Халықаралық және жергілікті сатушылар смартфондар, компьютерлер, тұрмыстық техника сияқты тауарларды интернет арқылы сату арқылы өз аудиториясын кеңейтуде.

Электронды сауданың дамуы Алматыдағы кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Кәсіпкерлер өз бизнесін интернетке шығарып, клиенттердің жаңа ауқымына қол жеткізуде. Онлайн сауда тұтынушыларға да тиімді, себебі олар үйден шықпай-ақ тауар сатып алуға, бағаны салыстыруға және сатып алған заттарды жылдам алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Алматының электронды сауда нарығының болашағы зор. Қазақстан үкіметі цифрлық экономиканы дамытуға белсенді түрде қолдау көрсетіп отыр. Бұл ретте Astana Hub сияқты инновациялық орталықтар мен IT-парктер жергілікті стартаптарға және электронды саудаға қатысты технологияларды дамытуға ықпал етеді.

Өзекті мәселе

Алматы қаласы Қазақстанның экономикалық жетекші орталығы болғанымен, бұл өңірде бірқатар экономикалық проблемалар сақталуда. Тұрғын санының артуы мен урбанизацияның күшеюі қаланың дамуына серпін бергенімен, оның экономикасында шешілуі қажет бірнеше өзекті мәселелер бар. Бұл проблемалар қаладағы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа әсер етіп, одан әрі даму жолында кедергілер туындатады.

Алматыдағы экономикалық мәселелердің бірі – жоғары инфляция деңгейі мен бағаның тұрақты өсуі. Қала тұрғындарының табысы мен өмір сүру деңгейінің өсуіне қарамастан, азық-түлік, тұрғын үй және коммуналдық қызметтер бағасының шарықтауы халықтың сатып алу қабілетіне айтарлықтай әсер етеді. Азық-түлік бағасының өсуі әсіресе төмен және орташа табысты тұрғындарға ауыр тиеді. Бұл

инфляция елдің жалпы макроэкономикалық жағдайымен де байланысты, бірақ Алматыда бұл үрдіс ерекше сезіледі.

Алматыдағы жылжымайтын мүлік бағасының қымбаттауы экономиканың басты проблемаларының бірі болып отыр. Қаладағы тұрғын үйге деген сұраныс жоғары болғанымен, ұсыныс шектеулі болып қала береді. Мұның себептері құрылыстың қарқынына және қаланың қолжетімді аумағының шектеулілігіне байланысты. Соның салдарынан жылжымайтын мүлік бағасы үнемі өсуде, бұл әсіресе, жас отбасылар мен төмен табысты тұрғындар үшін тұрғын үй алудың қолжетімсіздігіне алып келеді. Тұрғын үй жалдау бағасының да жоғары болуы студенттер мен уақытша жұмысшылар үшін үлкен мәселе болып отыр.

Алматының инфрақұрылымы оның қарқынды дамуына сәйкес келмей отыр. Қаланың көлік, коммуникация және коммуналдық инфрақұрылымы тұрғындар санының артуына және іскерлік белсенділіктің өсуіне байланысты шамадан тыс жүктелген. Мысалы, жол-көлік жүйесінің жетілмеуі, жиі орын алатын кептелістер қала экономикасына да теріс әсерін тигізеді, өйткені жұмыс уақытында орын алатын кешігулер мен жүк тасымалдаудағы қиындықтар кәсіпорындарға шығын әкеледі. Сонымен қатар, коммуналдық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі де қала тұрғындарының өмір сүру деңгейіне тікелей ықпал етеді.

Алматыда халықтың өмір сүру деңгейі мен табыс мөлшерінде үлкен айырмашылық байқалады. Бір жағынан, қалада жоғары табысты бизнес-орталықтар, қаржы секторы және халықаралық компаниялардың қызметкерлері өмір сүреді, екінші жағынан, төмен табысты тұрғындардың үлесі де айтарлықтай. Әлеуметтік теңсіздік, әсіресе, қала шетіндегі аудандарда айқын көрінеді, мұнда жұмыссыздық деңгейі жоғары және әлеуметтік инфрақұрылым жеткіліксіз дамыған.

Шағын және орта бизнес (ШОБ) Алматы экономикасының маңызды бөлігі болғанымен, бұл секторда да белгілі бір проблемалар бар. Кәсіпкерлер салықтық жүктеменің жоғары болуынан, қаржыландырудың қолжетімсіздігінен және мемлекеттік реттеу шараларының ауырлығынан зардап шегуде. Сонымен қатар, нарықтағы бәсекелестік орта шағын кәсіпкерлерге қиындық тудырады, ал ірі корпорациялар мен халықаралық компаниялар жергілікті бизнеске қысым көрсетеді. Бұл ШОБ-тің экономикалық үлесін төмендетіп, олардың дамуын тежейді.

Алматыда жұмыссыздық деңгейі басқа өңірлермен салыстырғанда төмен болғанымен, еңбек нарығында белгілі бір дисбаланс бар. Жастар арасындағы жұмыссыздық, сондай-ақ жоғары білікті жұмысшыларға деген сұраныстың артуы және төмен білікті еңбекке деген қажеттіліктің қысқаруы байқалады. Сонымен қатар, миграциялық үрдістердің артуы еңбек нарығындағы бәсекелестікті күшейтуде, бұл төмен табысты тұрғындарға және уақытша жұмысшыларға жұмыс табу қиынға соғуда.

Қала экономикасының
болашағы зор

Алматы экономикасының болашағы көптеген сарапшыларды қызықтыратын тақырып, себебі бұл қаланың дамуы бүкіл елдің экономикалық көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді. Жаңа индустриялардың өркендеуі, цифрландыру, инновациялар мен жасыл экономикаға

бетбұрыс Алматының болашақтағы экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады.

Алматының болашақ экономикалық дамуында басты назар аударылатын салаларға жасыл экономика, инновациялық технологиялар, туризм, білім беру және логистика кіреді. Бұл бағыттар тек қала экономикасын тұрақтандырып қана қоймай, оның әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін де арттыруға көмектеседі.

Алматының экологиялық жағдайы қала халқының өмір сапасына үлкен әсер етеді. Қазіргі уақытта Алматы ауа сапасының нашарлығынан зардап шегіп отыр, бұл тұрғындардың денсаулығына және қала экономикасына кері әсерін тигізуде. Болашақта экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жасыл экономикаға басымдық беру қажет.

Жасыл технологиялар, жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялар және экологиялық инфрақұрылымды дамыту арқылы қала экологиялық жағынан таза, әрі тұрақты орталыққа айнала алады. Бұл бағытта электр көліктерін енгізу, қоғамдық көлікті экологиялық талаптарға сай ету, энергия тиімділігін арттыру және қалдықтарды қайта өңдеу бағдарламаларын дамыту маңызды. Экологиялық мәселелерді шешу Алматыны халықаралық деңгейдегі жасыл қала ретінде танымал етуі мүмкін.

Қазіргі заманғы әлемде цифрландыру кез келген елдің экономикалық өсуінің маңызды драйвері болып табылады. Алматы цифрлық трансформация үдерісінде Қазақстанның көшбасшы қаласы ретінде дамуы керек. IT-технологиялар, стартаптар және цифрлық қызмет көрсету салаларына инвестиция құйып, қаланың экономикалық белсенділігін арттыруға болады.

Алматыда IT-хабтар құру, бағдарламалау мектептерін ашу, инновациялық технологиялар мен стартаптарды қолдау арқылы қала әлемдік деңгейдегі цифрлық орталыққа айнала алады. Бұл бағытта криптовалюталар, блокчейн технологиялары, жасанды интеллект және бұлтты есептеу технологияларына инвестиция салу қала экономикасын жаңа белестерге шығарады.

Алматы өзінің табиғи сұлулығымен, таулы аймақтарымен және тарихи-мәдени орындарымен танымал. Қала туризм саласындағы әлеуетін толық пайдалану үшін инфрақұрылымды дамыту, қонақүйлер мен мейрамханалар желісін кеңейту және туристік қызметтер сапасын арттыру қажет.

Туризмді дамытуға инвестиция салу – қаланың экономикалық өсімін қамтамасыз етудің маңызды қадамдарының бірі. Экологиялық туризмді, тау туризмін, спорттық туризм мен медициналық туризмді дамыту Алматыны аймақтағы ірі туристік орталықтардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәдени шаралар мен фестивальдер өткізу арқылы туристік ағымды көбейтуге болады.

Алматының Орталық Азиядағы логистикалық әлеуеті жоғары. Қала халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында орналасқандықтан, болашақта логистикалық хаб ретінде маңызын одан әрі арттыруы мүмкін. Бұл бағытта инфрақұрылымды жаңарту, жаңа көлік жолдарын салу, әуе және теміржол тасымалдарын дамыту қажет.

Логистикаға инвестиция құю арқылы Алматыны Еуразия құрлығының ірі транзиттік орталығына айналдыруға болады. Бұл саладағы тиімді шешімдер қаланың экспорттық және импорттық мүмкіндіктерін кеңейтеді, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашады.

PS: Алматының болашағы үлкен мүмкіндіктерге толы. Жасыл экономика, цифрлық трансформация, туризм, білім беру және логистика салаларына басымдық беру арқылы қала әлемдік деңгейдегі мегаполиске айнала алады. Бұл бағыттарға инвестиция құйып, заманауи технологиялар мен инновацияларды енгізу Алматының тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сондықтан қаланың экономикалық дамуы үшін жаңа стратегиялар мен жоспарлар құру маңызды. Инновациялық әрі экологиялық таза экономикалық модель қалыптастыру арқылы Алматы Орталық Азияның ең ірі әрі дамыған қаласы бола алады.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Алматы — еліміздегі ең ірі қалалардың бірі және мәдени, спорттық орталық. Оның табиғи ландшафты, ауа райы және заманауи инфрақұрылымы бұқаралық спорттың дамуына үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен, бұқаралық спорт саласы өзінің әлеуетін толық пайдаланып жатыр деп айта алмаймыз. Осы ретте біз Алматыдағы бұқаралық спорттың қазіргі жағдайы, кездесетін мәселелері мен болашағын дамытуға қажетті шешімдер туралы сөз қозғағанды жөн санадық.



Бұқаралық спорттық жарыстарды, денсаулық күні сияқты мерекелерді жыл бойы тұрақты түрде өткізіп тұру маңызды. Әр түрлі спорт түрлерінен жарыстар өткізу және тұрғындарды кеңінен қатыстыру арқылы қызығушылықты арттыруға болады.

Қорыта айтқанда, Алматыда бұқаралық спортты дамытуға бағытталған жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатса да, кездесетін қиындықтар әлі де өзекті. Қаланың спорт инфрақұрылымын кеңейтіп, қаржылық қолдауды арттырып, спорттық мәдениетті нығайту — алдағы міндеттер. Қажетті реформалар мен стратегиялық жоспарлар жүзеге асса, Алматының бұқаралық спорт саласы тұрғындар денсаулығы мен өмір сапасын арттыруға үлкен үлес қосады.

СПОРТҚА НЕГЕ КӨҢІЛ САЛҚЫН?

Алматының шеткі аудандарына дене шынықтыру нысандарын көптеп салу керек

Халық саны артып келеді

Алматыда соңғы жылдары дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын халық саны артуда. Бұл бағытта қаланың әкімдігі мен спорттық ұйымдар үлкен жұмыстар атқарып келеді. Мысалы, қалада әр түрлі спорт түрлерінен бұқаралық жарыстар мен спорттық іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Әсіресе, марафондар, велошерулер, жаяу серуендеулер сияқты іс-шаралар кеңінен танымал. Бұқаралық спортқа қызығушылықты арттыру мақсатында спорт инфрақұрылымын дамытуға да көңіл бөлінуде. Қалада спорт алаңдары, фитнес орталықтар, қоғамдық жаттығу орындары салынып жатыр. Сонымен қатар, кейбір спорт түрлерін тегін немесе төмен бағамен ұсынатын клубтар да пайда болды.

Тұрғындар спорт алаңдарына қол жеткізе алмай отыр

Алайда, қаланың бұқаралық спорт саласында атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, бірнеше маңызды проблемалар да бар. Алматының орталық аудандарында спорт инфрақұрылымы жақсы дамығанымен, шеткі аудандарда жағдай өзгеше. Тұрғындардың барлығы бірдей сапалы спорт алаңдарына қол жеткізе алмайды. Жабық және ашық спорттық алаңдардың жетіспеушілігі халықты спортқа тартудағы негізгі кедергілердің бірі болып отыр.

Бұқаралық спортты қаржыландыру мемлекет тарапынан жиі жетіспей жатады, ал жекеменшік сектор бұқаралық шараларға көп инвестиция құюға ынталы емес. Бұл спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда, әсіресе, шеткі аймақтардағы бастамаларды қолдауда өз әсерін тигізеді. Кейбір тұрғындар арасында спортты өмір салты ретінде қалыптастыру деңгейі төмен. Спортпен айналысуға деген қызығушылықты арттыру үшін мемлекет тарапынан, сондай-ақ қоғам ішінде мотивациялық жұмыстар жетіспейді. Тұрғындар арасында спортпен тұрақты түрде айналысуды қалыптастыру үлкен мәселе болып отыр. Бұқаралық спортпен айналысу үшін тұрғындар қажетті білімге, денсаулықты нығайтатын жаттығу әдістемелеріне, арнайы кеңестерге қол жеткізе алмай жатады. Сондықтан Алматыда бұқаралық спортты дамыту үшін қаланың шеткі аудандарында спорттық алаңдар, жүгіру жолдары, велосипед жолдары және өзге де инфрақұрылымдарды салу қажет. Әр ауданда кем дегенде бірнеше спорттық алаңдар мен жабық залдар салу тұрғындарды спортқа тартуға мүмкіндік береді.

Мамандар жетіспейді

Мемлекет бұқаралық спортты дамытуға бағытталған қаржыны ұлғайтуы тиіс. Сонымен қатар, жеке кәсіпорындар мен демеушілерді тарту үшін жеңілдіктер қарастырылуы қажет. Жеке сектордың спорттық шараларды қаржыландыруына, жаттығу алаңдарына демеушілік көрсетуіне жағдай жасау — бұқаралық спорттың дамуына оң ықпал етеді.



Спортпен айналысу мәдениетін халық арасында дамыту маңызды. Спорттық клубтар, мектептер, жоғары оқу орындары мен жұмыс орындарында спортқа ден қою қажеттілігі түсіндірілетін насихаттау жұмыстарын күшейткен жөн. Спорттың өмір сүру сапасын жақсартатынын, денсаулыққа әсер ететінін жеткізу үшін арнайы бағдарламалар, шеберлік сабақтары ұйымдастырылуы керек.

Қаланың спорттық нысандарында кәсіби жаттықтырушылар санын арттыру, спорттық кеңестер беру маңызды. Бұқаралық спортпен шұғылданғысы келетін азаматтарға дұрыс әдістемелерді үйрететін мамандар жетіспейді. Сондықтан спорттық білім беруді арттыру мақсатында арнайы оқу курстарын, ақпараттық қолдау бағдарламаларын көбейту қажет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Смартфонға байланғанша, спортпен шұғылданған жөн

Дене шынықтыру — жас ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтатын маңызды оқу пәні. Алматыда бұқаралық спортты дамытудың қажеттілігі артып келеді, себебі салауатты өмір салтын ұстану арқылы тұрғындардың денсаулығын жақсартып, өмір сапасын көтеруге болады. Осыған байланысты мектептердегі дене шынықтыру пәнінің сағатын арттыру бұқаралық спортты дамытуда шешуші қадам бола алады. Осы ретте біз дене шынықтыру сағатын арттырудың артықшылықтары, күтілетін әсерлері мен кейбір ықтимал кедергілері туралы талдаған едік.

Мектептерде дене шынықтыру сағаттарын арттырудың артықшылықтары өте көп. Қазіргі заманғы өмір салты, гаджеттердің артық қолданылуы мен физикалық белсенділіктің төмендігі балалардың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Оқушылардың денсаулығын нығайту үшін спортпен жүйелі түрде айналысу аса маңызды. Дене шынықтыру сағаттарын арттыру арқылы балалар күнделікті қозғалысты, жүрек-қан тамырлары жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде жас ұрпақтың физикалық дамуына оң әсер етеді.

Мектеп оқушылары арасында дене шынықтыру сабағының сағатын көбейту олардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануды үйретеді. Осылайша балалардың көпшілігі спортты өмір салты ретінде қабылдап, өсе келе спортпен айналысуды жалғастыруға бейім болады.

Спорт физикалық ғана емес, психикалық тұрғыдан да пайдалы. Дене жаттығулары балалардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, күйзеліс пен уайымды төмендетеді. Осының арқасында оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен сабаққа қатысу белсенділігі артады. Дене шынықтыру сабағы барысында оқушылар командалық ойын-

дарда бірлесіп жұмыс істеуді, өзара қолдауды, жеңісті бөлісуді, жеңілістен сабақ алуды үйренеді. Бұл қасиеттер олардың жеке өмірінде де, болашақ мансабында да маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, дене шынықтыру сағатын арттыруға байланысты кейбір қиындықтар болуы мүмкін. Алматыдағы барлық мектептер қажетті спорт жабдықтарымен, алаңдармен толық жабдықталмаған. Кейбір мектептерде оқушылар саны көп болғандықтан, барлық балаларға қолайлы жағдай жасау қиындық тудырады. Дене шынықтыру сағатын көбейту тек заманауи спорттық инфрақұрылымды қамтамасыз еткенде ғана оң әсер береді.

Оқу процесінің сапасы мұғалімдердің кәсіби деңгейіне де байланысты. Дене шынықтыру пәнін тиімді өткізу үшін арнайы мамандандырылған, балалардың физикалық дамуын қадағалайтын, дұрыс әдістемелерді білетін ұстаздар қажет. Қазіргі таңда барлық мектептерде ондай мамандардың болуы қиындық туғызады, әсіресе дене шынықтыру сағаттары көбейгенде.

Дене шынықтыру сағатын арттыру негізгі пәндерге бөлінетін уақытты қысқартуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты қарастырып, оқу бағдарламасына ықпалын оңтайландыру қажет.

Алматы мектептеріндегі дене шынықтыру сағатын арттырудың қаладағы бұқаралық спортқа тигізетін әсері зор. Бұл өзгеріс бұқаралық спорттың негізін мектеп қабырғасынан бастап, балалардың спортқа деген қызығушылығын ерте жастан оятуға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру сабағы көбейген сайын оқушылардың спорт секцияларына, түрлі жарыстарға, бұқаралық спорттық іс-шараларға қатысу ықтималдығы артады.

Бұқаралық спорттың дамуы тек жеке денсаулықты ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның әл-ауқатын арттырады. Физикалық белсенділік денсаулық сақтау шығындарын азайтып, тұрғындардың өмір сапасын жақсартады.

С.АНАРБАЙ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ӘДЕБИ-САЗДЫ КЕШ



ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ ҰЛЫҚТАЛДЫ

«Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – тәуелсіз Қазақстан». Осылай басталған әдеби-сазды кеш байтақ еліміздің кешегі тарихынан бастап, бүгінгі бейбіт өмірін түгел қамтыған. Жүздерінен нұр ойнаған осынау бақытты ұрпақ түтіні түзу, тәуелсіз елде өмірге келген. Содан да болар, олардың үні де, әні де тым еркін. Қаламыздағы алдыңғы қатарлы білім ошағы – №173 лицей оқушылары сахналаған «Менің елім – Қазақстан» салтанаты ұлық мерекеге арналды.

Рая
ЕСКЕНДІР

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ

ҮЙРЕТЕРІ КӨП ҮЙІРМЕЛЕР

Қала балаларының ең сүйікті мекені – тау етегінде орналасқан Оқушылар сарайы. Талай уақыттың куәсі болған мекеменің қабырғасы сырға тұнып тұр. Бір кездері мемлекеттің басшысы болған Димаш Ахметұлы осынау алып ғимаратты тұрғызу үшін көп еңбек сіңіргені айтылып та, жазылып та жүр. Ұзақ жылдар республика балаларының бас қосатын ордасының қала меншігіне өткеніне де біраз уақыт болды. Содан бері қала мектептерінің оқушылары осында келіп, түрлі үйірмелерге қатысады.

Мәселен, «Happy English» сабағында оқушылар тек тіл үйреніп қана қоймай, сонымен қатар оқу процесіне де қызығушылықпен қатысады. Балалар грамматика мен жаңа сөздер үйрене отырып, интерактивті тапсырмалар арқылы ағылшын тілді елдердің тарихымен, мәдениетімен танысады. Олардың үнемі «Бізбен бірге оқу пайдалы ғана емес, әрі қызықты болады!» деп айтуы да сондықтан. Осы үйірменің тұрақты қатысушысы Анар Жұманиязова қазір ағылшын тілін еркін меңгеріп алған. Ол өз ойын еркін жеткізіп, әңгімелесе алады. Шет тілінде кітаптар оқып, кино көріп жүр. Ол жақында өзге замандастарына «Bilimalmaty.kz сайтындағы «Happy English» бағдарламасына қосылыңыз!» деп тілек қалдырған.

Оқушылар сарайының «Ақ киіз» деп аталатын киіз ательесінің де жұмысы қызықты. Мәселен, киізден жасалған бұйымдар 50 жылдан астам қызмет етеді екен.

Егер сіз «Ақ киіз» көркем киіз ательесінде киіз басудың сан түрлі әдістерін меңгеріп алсаңыз, ойыншықтар мен зергерлік бұйымдардан бастап, сәндік элементтерге дейінгі бірегей колөнерді өзіңіз-ақ жасай аласыз. Бұған қоса, мұндағы сабақтар шығармашылық ойлауды, ұсақ моториканы және көркемдік қабылдауды дамытады.

Қазірден бастап балаңызды Bilimalmaty.kz сайтына тіркесеңіз болады.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 777 890 89 00 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР – 90



«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН» ТУРНИР БАСТАЛДЫ

«Достық» үйінде көрнекті қазақ жазушысы әрі аудармашы Герольд Бельгердің 90 жылдығына орай, Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастыруымен жоғары оқу орындары студенттері арасында «Тоғызқұмалақтан» турнир басталды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алдымен жазушының өмірі мен еңбегіне арналған салтанатты жиын өтті. Оны ҚР Сенат депутаты Евгений Бельгер ашып, жазушының торқалы тойы аясында бірнеше шаралардың өтіп жатқанын айтып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Келесі кезекті Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков алып, жазушының қазақ әдебиетін дамытуға қосқан зор үлесі тұрғысында әңгімелеп, есімі ел жадында мәңгі жаңғыра беретінін жеткізді. Сонымен қатар, жазушының көзін көргендер «Біздің арамызда Гер-ағаң болғанда ғой, қазақша сөйлер еді» деп сағынышпен еске алды. Турнирге қатысушылар бағалы сыйлықтарға ие болады.

Түс ауа жиналғандар жазушының ескерткішіне гүл шоғын қойып, жарқын бейнесін еске алды.

ФЕСТИВАЛЬ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫ бақ сынасты

Алматыда «Almaty Puppet Festival – 2024» Куыршақ театрларының II Халықаралық фестивалі аяқталды. Ол Қытай, Польша, Чехия, Болгария, Грузия, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей, Башқұртстан және Қазақстанның 15 үздік куыршақ ұжымын біріктірді.



Төрт күн бойы көрермендер куыршақ өнерінің әртүрлілігі мен шеберлігін көрсететін ерекше қойылымдарды тамашалады. Фестиваль салтанатты марапаттау рәсімімен аяқталды, оның барысында үздік театрлар мен орындаушылар аталып, осы маңызды мәдени оқиғаның тарихында жарқын із қалдырды. Фестивальдің басты марапаты – «Үздік спектакль» үшін бас жүлде режиссер Антон Зайцевтің «Жомарт ағаш» спектаклі үшін Ақтөбе облыстық «Алақай» куыршақ театрына берілді. Бұл қойылым қазылар алқасының да, көрермендердің де жүректерін терең мағынасымен және шебер орындауымен қозғады. Үздік актерлік жұмысы үшін «Үздік актерлік

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ирина ГЕРОЛЬДҚЫЗЫ:
– Мен әкемнің есімі ешқашан өлмейтініне тәнті болдым. Әкем қазақ халқын өте жақсы көрді. Өмірінің соңына дейін сүйіп өтті. Қазақтар да ол кісіні Гер-ағаң деп атап, құрмет тұтты. Әкем қазақ тілін өз тілінен кем көрмеді. Абайды немісше сөйлетті. Қазақ жазушыларын дүние жүзіне танытуға күш салды. Менің Мәскеуде тұрып жатқаным 40 жылдан асса да, Қазақстанға жәй келемін. Өйткені, мұнда анам тұрады. Кеңсайда әкем жатыр... Әкем ұзақ жыл бірлесе еңбек еткен неміс театрында көрме, екі томдық кітабының тұсаукесері өтеді. Сонымен қатар, неміс театры әкемнің «Кішкентай король» спектаклін сахналамақшы. Менен көбіне «сіздің әкеңіз неге Германияға кетпеген?» – деп сұрайды. Ал мен болсам, «оның Отаны – Қазақстан» деп жауап беремін.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.